

ФРАНЦУЗ-ҚАЗАҚ ҚОСТІЛДІГІ – ШЕТЕЛ ҚАУЫМЫНА ҚАЛЫПТАСУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ӘДІСІ

Тілдік контактілерді зерттеген арнайы әдебиетте келесі ой дәлелденеді: тілдік контактілер ең бастапқы кезде билингвтердің сөздік іс өрекетінде жүзеге асырылады, тек ғана солардың қарым-қатынасының нәтижесі болып тілдік контактілер пайда болады. Бұл пікірді бірінші рет Ю.С. Степанов айтқан: «Тілдер бір-бірімен контактіге кірмейді, контактіде тек ғана адамдар болады» [1].

Ю.С. Степановтың осы ойын қостай отырып, көрнекті ғалым В.К. Журавлев «Тілдік эволюцияның сыртқы және ішкі факторлары» атты монографиясында былай дейді: «Екі социалеманың тілдік қауышуы тек ғана мына жағдайда жүзеге асырылады, егерде екі социалеманы біріктіретін ортақ мүше болса. Сол мүше осы екі тілдік ұжымның өзаралық сөздік іс-өрекеттерінде бір тілді екінші тілдің жүйесіне қосып, қауышуларына мүмкіншілік береді. Бұл ортақ мүше – қостілдік тұлға, яғни қос социалемаға қатысы бар билингвтер ұжымы [2, 161]. В.К. Журавлевтің ойынша, тілдік контактілер социалемалардың конвергенттік-дивергенттік процестерімен байланысты, себебі олар конвергенттік-дивергенттік өзгерістерінің тікелей нәтижесі [2]. А.Е. Карлинский өзінін «Тілдердің өзара іс-өрекеттесуі теориясының негіздері» монографиясында қостілдік көріністерді зерттей отырып, тілдік контактілерді экспрессионисттік факторлармен байланыстырады. Бірақ, өкінішке орай ғалым тілдік факторларды әлеуметтік байланыстардың, әлеуметтік жағдайлардың нәтижесі ретінде көріп, тілдік контактілерді тек ғана лингвистиканың көрінісі деп карайды.

Тілдік контактілерге ғалым былай анықтама береді: «Екі тіл (А және Б) контактіде келесі жағдайда болады, егерде А тіліндегі сөз немесе мәтін Б тілінің элементтерін немесе қатынастарын өзінің құрамында сактаса, керісінше Б тіліндегі сөз немесе мәтін А тілінің элементтерін өз жүйесіне ендіреді [3, 9]. Осы ғалымдардың XX ғасырдың 80-шы жылдарында шыққан еңбектері қазіргі контактологияның әлеуметтік-лингвистикалық бағдарының негізін қалап, XXI ғасырдың басында ғылыми сала ретінде дамыған қазіргі әлеуметтік контактология ғылымының өркендеуіне себеп болды. Қазіргі кезеңдегі осы саланың дамуына үлес қосқан ғалымдардың ішінде Б. Х. Хасанов, А. О. Орысбаев, К. М. Әбішева, К. Х. Рахымжановтар бар. Бұл ғалымдар өздерінің еңбектерінде синтездік әдістемелік парадигманы колданып, іс-өрекеттік, антропоорталықтық, функционалдық принциптерге кең сүйенген.

Кешенді әдістемелік парадигма негізінде зерттелінген тіл контактілердің табигаты әлеуметтік-лингвистикалық және психолингвистикалық сипатта болса, онда қазақ-француз қостілдігін жүзеге асыру үшін контактілік процесте екі билингв, яғни қостілдік тұлға өзаралық сөздік іс-өрекеттестік жасау керек. Бұл сөздік іс-өрекеттестік тілдік әдіс-тәсілдер арқылы тілдік қатынастар негізінде жүзеге асырылады. Егерде екі коммуникант қауышу кезінде тек ғана өз тілдерін қолданса, онда екі сөйлеуші адамдардың арасында түсіністік болмайды. Түсіністікке жету үшін екі адам не француз, не қазақ тіліне көшүі керек. Қазақстан Республикасында тұратын француздар

болса, олар этникалық аз халық ретінде қазақ тіліне көшүй мүмкін. Ал қазақ тілінде сөйлеушілер француз тілдік қауымдастық құрамына кіруге тырысып, француз социалеманың санын қебейтүге үмтүлады. Олардың тіліне көшуге олар мәжбүр болады, себебі, біріншіден, француз-қазақ, қазақ-француз халықаралық байланыстары нығайып, мәдениаралық қатынастар қарқындауда. Екіншіден, сол француз тілі халықаралық тілдің бірі. Социалеманың құрамына, француз тілдік қауымдастыққа қалай кіруге болады? Әрине, тек екінші тілді үйреніп алса, және оған қосымша оқыған тілге қатысы бар елдің халықаралық байланыстары, хал-ахуалы туралы мәліметтерді толық игерсе, онда ол қостілдік тұлға ретінде қалыптасып, екінші тілдің қауымдастының кіреді.

А.Е. Карлинскидің айтуы бойынша, билингв үш тілдік қауымдастықтардың құрамына кіреді: 1) бірінші тілдік қауымдастық тек ғана билингвтің бірінші тілін қолданатын монолингвтерден ғана тұрады; 2) екінші тілдік қауымдастық билингвтің екінші тілін қолданатын монолингвтерден ғана тұрады; 3) үшінші қауымдастық екі тілді білетін адамдардан тұратын тілдік қауымдастық. Осы қауымдастық мүшелері екі тілді жақсы немесе шамалы деңгейде білуі мүмкін [4.11]. Билингв екінші тілдік қауымдастықпен өзін жақындастыруға, яғни идентификация жасауға тырысады, себебі ол қауымдастықтан тіл жағынан бөлектенгісі келмейді. Бірақ билингвтің көздеғен мақсаты дер кезінде жүзеге асырылмайды, себебі қостілдік тұлға алдында тұрган қындықтарды жеңіп, өлеуметтік интеграциядан және мәдениетті аккультурациядан өтуі керек. Өлеуметтік интеграцияны екінші тілдің құрамына кіру процесі деп қарауға болады. Ол үшін билингвтің екінші тілдегі сөйлеген сөзі, сөйлеу мүмкіншілігі сол екінші тілді тұған тіл ретінде қолданатын монолингвтің сөзіне, сөйлеу мүмкіншілігіне сапасы жағынан жақындау керек. Ал осындай деңгейде сөйлеуге барлық адамның қабілеті жете бермейді. Сондықтан да, екінші тілде сөйлегендеге билингв өртүрлі қателер жібереді. Мүмкін осы жағдайда біз интерференция процесі туралы айтамыз. Бірақ тілді толық менгерген кезде интерференцияны жеңуге болады, ол үшін билингв екінші тілге қарай үнемі бейімделіп, аккультурация процесінен өтуі керек. А.В. Друзь тіл мен мәдениеттің тікелей байланысын қарастыра отырып, аккультурация процесін басқа мәдениетке қалыптасу, яғни бейімделу дейді.

Бейімделуден өту үшін біз ойлану жүйесінің бағдарын өзгертуіміз керек, сезу қабілетін жандандыруымыз қажет, коммуникацияны да, сөзсіз ауыстырып, жаңа деңгейдегі сапада сөйлеуіміз керек [5,17].

Т.Г.Грушевицкая, И.Д.Попков, А.П.Садохиндер аккультурацияны бір мәдениеттің басқа мәдениетке жақындасуы, икемделуі ретінде қарап, аккультурацияның төрт түрлі нәтижесін зерттейді: 1) психологиялық бейімделу. Бұл кезде индивид жаңа мәдениеттің деңгейіне қалыптасып, психологиялық қанағаттанушылық сезіміне ие болады; 2) өлеуметтік бейімделу. Осы деңгейде билингв жаңа қауымға үйреніп, мәдениетін игереді, өзінің қунделікті мінез-құлқын осы екінші қауымдастықта жалпы ұлғі ретінде бекітілген нормаларға, ережелерге бағындырады; 3) интеграция. Осы деңгейде билингв бұрынғы мәдениетпен қатар жаңа мәдениетке бейімделіп, идентификация процесінен өтеді [6,256].

Тіл деңгейінде аккультурация интеграциялық сатыда өтеді. Интеграция процесінде тілдердің бір-біріне толық жақындастып, арасынан байқаймыз. Ең бастапқы сатыда интеграция процесі жеке тұлғаның сөздік іс-әрекетінде өтеді. Интеграция процесі жүзеге асырылу үшін арасынан қостілдік ситуация болуы керек. Қостілдік деңгей терминге Б. Х. Хасанов мынадай анықтама береді: «біріншіден, қостілдік – процесс. Сол процесс екі гетерогендік социумдардың (яғни үжымдардың) өзара іс-әрекеттесуі кезінде жүзеге асады; екіншіден, бұл тілдердің өзара алмасуының нәтижесі. Билингвизм – бұл синхрондық (параллель не арасынан) тұрде пайдаланатын гетерогендік социумның интеграциялық әдіс-тәсілі» [7,6].

Қостілдіктің бірнеше тұрларін ғалымдар зерттеп, ерекшеліктерін сипаттаған. Солардың ішінде қостілдіктің негізгі тұрларі ретінде арасынан және таза қостілдік ең алдымен көзге түседі. Осы екі қостілдік туралы ең алғашқы рет Л.В. Щерба жазған. Л. В. Щербаның пікірінше, арасынан қостілдік мынадай жағдайда болады, билингв екінші тілді үйрену барысында ылғи да бірінші тілге жалтақтап, екінші тілдегі сөзін бірінші тілдің элементтерін қолдану арқасында құрайды [7,17]. Л. В. Щерба арасынан қостілдікпен қатар таза қостілдікті зерттейді. Оның ойынша, таза қос-тілдікке мына ситуация жағады: билингв екінші тілді оқығанда, бірінші тілге жалтақтамайды, бірінші тілдің элементтерін екінші тілдегі сөзінде қолданбайды [7,17].

Ғалымның айтуы бойынша, таза қостілдік Ресейде Қазан көтерілісіне дейін кең тараған, себебі дворяндар отбасындағы, т.б жоғары тапқа жатқан зиялы қауымның отбасындағы балалар екінші тілді француз гувернерлерінен үйренген. Олар француз тілін жақсы біле отырып, екінші тілді білмеген оқытушылардан үйренген, осындаі балалар сөзін қос тілде бірдей еркін құрған.

Ал, біздің байқауымызша, қазіргі кезде аралас қостілдікке ие сөйлеушілердің саны қөбейіп келе жатыр. Олар туған тілін жетік білсе де, екінші тілін жоғары деңгейде игерे алмайды, сөйлеу барысында кате жібереді. Осындаі қателер фонетикалық (фонетикалық интерференция), морфологиялық (морфологиялық интерференция), лексикалық (лексикалық интерференция) деңгейлерінде жіберілініп, интеференцияның бірнеше түрлеріне соктырады.

Осындаі жағдайларды Э.Д Сүлейменова зерттеп, аралас қостілдіктің жүзеге асырылған кезінде болатын екі ығысадын түрін сипаттаған. Ғалымның айтуы бойынша, сондай ығысадын екі түрі болады: 1) туған тіл жаққа қарай ығысу. Егерде ығысу ана тіл жаққа қарай болса, онда оны А.Е.Карлинскийдің ғылыми қолданыска кіргізген «ущербная компетенция» терминімен атауға болады. Бұл жағдайда билингв туған тілді жақсы біле отырып, екінші тілін нашар игергендерін көрсетеді; 2) екінші тіл жаққа ығысу. Бұл жағдайда екінші тілдің ролі басым, себебі билингв сол тілді еркін қолданады. Ол оны өр салада қолданып, өртүрлі функцияларын іске асырады. Билингв туған тілді нашар біледі, екінші тілді жоғары деңгейде игереді [9]. «Осындаі жағдайда, – деп жалғастырады Э.Д Сүлейменова, екі тілдің және екі мәдениеттің арасында екі түрлі ығысу пайда болуына қажетті жай-күй іске асырылады. Осы кезде билингв туған тілдің иесі бола алмай, туған мәдениетке қатыстылығын жоғалтады. Оның туған халыққа, этносқа, тілге және мәдениетке қатыстығы формальді түрде көрініс береді, ал туған тілді қолдануы енжар, белсенді емес түрде өтеді [9].

Сөйтіп, қостілдік ситуацияда аралас қостілдік бірінші, немесе екінші тілді нашар немесе дұрыс білмеу салдарынан пайда болады. Зарап компетенцияның екі түрі болады. Егерде туған тілді жақсы біліп, екінші тілді жетік білмесе, онда біз «T2-дегі зарап компетенция дейміз», ал егерде екінші тілді жақсы біліп, туған тілін білмесе, онда «T1-дегі зарап компетенция» дейміз. T1 және T2 зарап компетенциялар интерференция көрінісіне қатысты болып қаралады.

Интерференция термині қазіргі арнайы әдебиетте өртүрлі түрғыдан сипатталған. Егерде А.Е.Карлинский «интеференция» терминін зарап компетенцияға келтіретін жағдайлармен байланыстыrsa, үйренушінің тілдік нормаларды білмейінің салдары деп қараса [3], кейбір лингвистер басқаша қөзқарасын көрсете отырып, интерференцияны сөздік термин емес, лингвистикалық термин ретінде қарайды. Олардың ойынша, интерференция бір тілдің нормасын екінші тілдің нормасына ендірілу, «конвергенция көріністері» деп зерттелінеді [10] А. Е. Карлинский интеференцияны конвергенциямен шатастырмайды. Ғалымның ойынша, осы екі процесті айырмая үлкен қателік. Оларды бір бірінен айыра білу керек, сондықтан да ғалым ғылыми өндіріске жаңа екі термінді кіргізеді: 1-шісі «интерференция» 2-шісі «интеркаляция». Интерференция – бірінші тілдің өсерінің салдарынан, екінші тілдегі сөзде қателіктерді жіберу. Интеркаляция – екінші тілдің өсерінің салдарынан, туған тілде қателіктерді жіберу [3].

М.К. Исаев осы екі жағдайды зерттей отырып, оларды аудиторлық билингвизм түрлеріне жатқызады. Ғалымның ойынша, билингвизмнің екі түрі бар: табиги және аудиториялық. Табиги билингвизм жағдайында екі жақты ықпалды көруге болады. T1,T2-ге ықпал жасайды, керінше T2,T1-ге ықпал көрсетеді, ал аудиториялық билингвизм жағдайында ықпал бір жақты болады, туған тіл жағынан ғана білінеді T1 – T2 [11].

Қостілік ситуацияда билингвизмнің тағы бір түрі жүзеге асады, ол ауыспалы билингвизм. Ауыспалы билингвизм деп тілдердің ауысып, алма кезек қолданғанын айтамыз. Осындаі билингвизм іске асырылған кезде «ауыстыру» яғни «переключение» деген процесс жүзеге асады. «Ауыстыру» процесі келесі жағдайларда болады: 1) адресатты ауыстыру; 2) тақырыпты ауыстыру; 3) функционалдық ауысу. Бұл ауысадын түрі орындаған рольдердің ауысымен байланысты; 4) жақсы билетін тілге ауысу, немесе жылжу.

Сөйтіп, аралас, таза немесе ауыспалық билингвизм жағдайларында екінші тілдік қауымдастықпен идентификациялануға болады. Толық тілдік идентификация лингвистикалық интеграция тек ғана таза қостілдік ситуациясында байқалынады. Таза қостілдік табиги қостілдік. Сол қостілдіктің түрін билингв екі жағдайда да игереді: 1) табиги орта. Егерде билингв қазақ француз тілді билетін тұлға француздардың ортасында көп жыл көрші-

лес тұрса, бір жерде жұмыс істесе, онда ол табиғи таза қостілдікті игереді; 2) Оқушының туған тілін білмейтін оқытушылардан үйрену. Бұл жағдайда бала өзінің оқытушысымен тек ғана француз тілінде сөйлеседі, туған тілге жалтақтамайды. Бірақ бұл жағдайда мына пікірге назар аудару керек: табиғи немесе таза қостілдік ситуацияларында бала кебінese ауызекі тілді үйренеді. Көршілес орта, өндірістік орта, шекарада тұру жағдайларында жазбаша әдебиеттің шығармаларымен танысу мүмкін емес. Егерде таза билингвизм ситуациясында, оқытушы окушысын француз тіліндегі әдебиеттермен таныстырмаса, әдеби француз тілін үретпесе, онда бала тек француздардың ауызекі тіліне ие болады. Сондықтан да француз әдеби тілін білу үшін табиғи және таза қостілдік ситуацияларын жасанды билингвизм ситуацияларымен алмастыра отыру керек. Жасанды билингвизм – аудиториялық билингвизм. Бұл билингвизмді жүзеге асырғанда, екінші қауымдастықпен идентификациялануға болады. Сөйтіп, қазақ – француз қостілдікті тұлғаны француз қауымдастығына қосу үшін, интеграция арқылы идентификацияландыру керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Степанов Ю.С. Роман тілдес елдердегі тілдік халакуалдардың және ситуациялардың типологиясы. М.: Наука, 1976.
2. Журавлев В.К. Тілдік эволюцияның сыртқы және ішкі факторлары. М.: Наука, 1982.
3. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы: Наука, 1990.
4. Карлинский А.Е. Языковая общность. Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков. Алматы: КазГУМО и МЯ, 2001.
5. Друзь А.В. Мәдени шоқтық әдістемелік тәсіл // Методика преподавания русского языка иностранным студентам. Алматы: Қазақ университеті, 1991.
6. Грушевицкая Г.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации. М., 2003.
7. Хасанов Б. Қазақ – орыс қостілдікті өрістетудің өзекті мәселелері // Вестник АН КазССР. 1988.
8. Щерба Л.В. Избранные работы по языкоznанию и фонетике М.; Л.: Наука, 1958.
9. Сулейменова Э.Д. Қазақ және орыс тілі. Контративтік лингвистиканың негізі. Алматы: Демеу, 1996.
10. Пражский лингвистический кружок М.: Прогресс, 1967.
11. Исаев М.К. Фонетическая интерференция при казахско-английском искусственном двуязычии. Алматы: КарГУ, 1986.